

AQTÓĖAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№4 (7841)
Жұма
28 қаңтар
2022 жыл

Күшіміз – бірлікте!

Тұрақтылық пен тәуелсіздігіміздің кепілі

11 қаңтар күні Президент Парламент Мәжілісінің отырысында елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай жайлы, алдағы дамуымыз туралы байыпты баяндамасын жасады.

Елдегі әлеуметтік ахуал туралы жан-жақты баяндаған Президенттің сөзінде еліміздің келешектегі дамуының бағыттары нақтыланып, бағдарымыз айқындалды, нақты міндеттер атап көрсетілді.

«Ауыл – Ел бесігі» атты жаңа бағдарламаның маңызы зор, мәні ерекше екені сөзсіз.

Өйткені, еліміздің басшысы атап өткендей, Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатқан жоқ. Жаңа бағдарлама осы олқылықтың орнын толтыру үшін қолға алынбақшы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, екі айдың ішінде халықтың табысын арттыру жөнінде бағдарлама әзірледі, Әлеуметтік кодекстің уақытында қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды.

Мемлекет басшысы: «Әлеуметтік кодекс жаңа қоғамдық келісімнің негізгі элементіне айналуға тиіс», – деп қадап айтты. Парламент Мәжілісінде сөйлеген бағдарламалық сөзінде Президент мемлекетіміздің дамуының жаңа әрі жүйелі бағытын атап өтіп, жаңа Үкіметке халқымыздың өмір сүру деңгейін көтеретін тапсырмалар жүктелді.

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың басқаруымен жаңа Үкімет Мемлекет басшысы жүктеген келелі міндеттер мен ауқымды тапсырманы дер кезінде, сапалы әрі жүйелі жүзеге асыруға жұдырықтай жұмылады, халқымыздың сенімін ақтау үшін іскерлік пен кәсіби шеберлік, табандылық пен жауапкершілік үлгісін көрсетеді деп сенеміз. Ең бастысы, Мемлекет басшысы Қазақстанның әлеуметтік сипаттағы мемлекет мәртебесін жоғалтпайтынын атап көрсетті. Біздегі жылдар бойғы табысты жұмыстың нәтижесінде өте бай адамдар пайда болды. Енді олардың Қазақстан халқына құрмет көрсетіп, оған жүйелі және тұрақты негізде көмектесетін кезі жетті. Осы орайда Президент Үкіметке осындай компаниялар тобын анықтап, олардың қатысуымен «Қазақстан халқына» атты қоғамдық әлеуметтік қор құруды тапсырды.

Қор халыққа, атап айтқанда, мұқтаж жандарға қолдау көрсететін болады. Президенттің айтуынша, бұл қор қоғамды топтастырудың тағы бір құралына айналады. Қазақстан дамуының жаңа кезеңіне бетбұрыс жасады. Жаңа бағыт ел үшін жаңа табыстар әкелетініне сенімдімін.

Ел алдында тұрған үлкен міндеттерді айқындаған бұл үндеу – жаңа дәуірдегі мемлекет тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Саяси сыңарлы диалог пен экономикалық маңызды реформалар қоғамдық гүлдену мен мемлекеттің ертеңіне үлкен үміт ұялатады.

Қ.Тұрғанбеков,
Абай ауылдық округінің әкімі.

Аудан әкімдігінде

Кәсіпкерлік саласы, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатта мемлекет тарапынан қолдау да көп. Әрине, жеке бизнестің жілігін шағып, жемісін көргісі келгенге таза ниет болса болғаны. Ол үшін елімізде түрлі бағдарламалар қабылданып, қоғам үшін

тенциалы өте жоғары. Біз ауданның экономикасын дамытуда, негізінен, өндіріс, туризм, ауыл шаруашылығы саласы бағыттарын айқындадық. Аталған бағыттарды дамыту кәсіпкерлердің де ісін өрге бастыруға үлкен мүмкіндік береді, – деді аудан әкімі Салтанат Мірәсілқызы.

Жиын барысында аудандық

қартасы-2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары және аудан әкімінің гранты. Президенттің арнайы тапсырмасымен жанар-жағармай, автогазға 6 айға шекті баға белгіленіп, күнделікті бақылануда. Басты мақсат – баға жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. Осы бағытта «Айналым схемасы» жүйесін

Аудан әкімі бизнес өкілдерімен кездесті



еңбектенемін дегенге мол мүмкіндік берілуде.

Осындай мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қатысып, шағын бизнесін шарықтатып отырған аудан кәсіпкерлерінің саны күн санап көбеюде. Бұл – қуанарлық жайт.

Себебі, жұмыссыздар саны азайып, жұмыс көзі ашылуда.

Өткен сәрсенбіде аудан әкімі Салтанат Әбеуова аудан орталығындағы кәсіпкерлермен кездесіп, саладағы түйткілді мәселелер жөнінде ой қозғады. Кездесудің басты мақсаты – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының және басқа да халыққа қажет тауарлардың бағаларын тұрақтандыру. Кәсіп иелерінің бірқатар ұсыныс-сұрақтарына жауап беру.

Еркін сұхбат түрінде өткен кездесуге аудан әкімінің орынбасарлары мен бөлім, мекеме басшылары және өңір кәсіпкерлері қатысты.

– Ақтоғай ауданының по-

кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Сайлау Аубакиров аталған сала бойынша атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер жайында баяндама жасады.

– Аудан экономикасының негізі – өнеркәсіп саласы. Өңір бойынша бөлшек сауда айналымының көлемі 2 млрд 488 млн 3 мың теңгені құрап, алдағы жылмен салыстырғанда 2,1 есеге өсті. Нақты индексі 228,6 пайыз болды. Аудан бойынша бүгінгі күні жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1449 болса, оның ішінде 477-сі дара кәсіпкерлер, 917 шаруа (фермер) қожалықтары және 55 заңды тұлғалар (кәсіпорындар) бар. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріндегі жұмыспен қамтылған адамдар саны – 2043. Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Атап айтсақ, «Бизнестің жол

енгізу қолға алынды, – дейді С.Аубакиров.

Сала басшысының айтуынша, 94 дүкен мен әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына үстемені 5-10 пайыздан асырмау жөнінде меморандумға отырған.

Кездесу барысында кәсіп иелері келешекте жүзеге асыратын жобалар мен халықпен бірлесіп ұйымдастырып жүргізетін тиімді шаралар жөнінде ойларын, ортақ пікірлерін айтты.

Жиынды қорытындылаған өңір басшысы С.Әбеуова жеке кәсіпкерлерге халыққа қажетті 19 арнаулы азық-түліктің бағасын өсірмеуді, пандемияға байланысты кәсіпкерлік нысандар «Ашық» жобасымен жұмыс істеу керектігін айтып, санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырды. Сонымен қатар, тиісті сала басшыларына азық-түлік бағасын үнемі бақылап, мониторинг жүргізуді тапсырды.

Думан ҚАБЫЛ.

Тоқ етер сөз айтылды. Енді іс керек

Қаңтар айының басындағы оқиғалар еліміздің тұтастығы мен тәуелсіздігіне қауіп төндірген күрделі кезең болды. Осы кезеңде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді шешімдер қабылдап, жағдайды тұрақтандыра алғанының куәсі болдық.

Президент өз мәлімдемесінде болған оқиғаларды саралап, бұл дағдарыстан Қазақстанның қуатты әрі күшті мемлекет болып шығатындығына нық сенім білдірді. Мемлекеттік қауіпсіздік мәселесінен бастап, әлеуметтік-экономикалық даму, саяси реформалар кешенін жүзеге асыру бастамасы көтерілді. Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, «Самұрық-Қазына» қорының жұмысын оңтайландыру, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін кемелдендіру, пайдалы қазбалардан түскен пайданы оңтайлы пайдалану, экономикада бәсекелестік орта қалыптастыру, аумақтық даму мәселелерін, бюджеттік жоспарлаудың жаңа тетіктерін енгізу секілді бастамалар елдегі жағдайды тұрақтандыруға бағытталған оңтайлы шешімдер екені сөзсіз. Мемлекет басшысы ірі кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру бағытында арнайы қор құрылып, ол қордан түскен қаражатты қоғам тарапынан қалағалау қажеттігін баса айтты.

Енді шетелдік және ұлттық инвесторларды қолдау мақсатында арнайы тұжырымдама әзірленбек. Одан бөлек, мемлекет мойнына алған барлық әлеуметтік міндеттерді орындайтынына кепілдік берілетінін айтқан Президент бас қаладағы ЛРТ

және өзге де мәселелердің оңтайлы аяқталуы қажеттігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, 2025 жылға қарай ел аумағында танымал жоғары оқу орындарының кемінде бес филиалын ашу қажеттігін атап өтті.

Қазақстандағы демократиялық реформалар мен қоғамдық келісім тұжырымдамасы диалогсыз орын алмайтыны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағытта осы уақытқа дейін жүзеге асырылып келе жатқан шараларға тоқталып, саяси реформаларды жалғастыруды өзінің «принциптік позициясы» екенін жеткізді. Еліміздегі саяси мәдениетті қалыптастыратын диалог алаңдарын одан әрі нығайту Қоғамдық сенім кеңесі секілді органдар жүйесі арқылы жалғасын табатынына сенім білдірді.

Біз ежелден еркіндік аңсаған, «ел іргесі сөгілмесін», «ағайын-туыс, ел мен жер аман болсын» деген халықпыз. Бірлігі мықты елдің озатындығын, бірлігі жоқ елдің тозатындығын естен шығармауымыз керек.

Жақсы, ізгі амал жасасак, жаңалық ашсак, өз саламызды дамыту жолында қыруар іс атқарсак — барлығы ел игілігі үшін! Болашақ үшін! Болашақты жасайтын жас ұрпақ үшін!

Жаңа Қазақстанның болашағын жасау елдің әрбір азаматының қасиетті парызы деп білемін. Мақсатымыз — айқын, бірлесе отырып жаңа Қазақстанды құру, мемлекет басшысының реформаларының жүзеге асуына толық қолдау көрсету.

М.Тусупбеков,

Сарышаған орта мектебінің мұғалімі.

Құқық заңнамасы

Сот жүйесін жаңғырту – заман талабы



Бүгінгі тәуелсіздік туы желбіреген таңда Қазақстанда жүргізілген сот реформалары сот төрелігі жүйесін еліміздің азаматтары мен олардың талаптарына сай келетіндей етіп өзгертті.

Осы жылдар ішінде еліміздің сот жүйесіне реформалар жасалып, шетелдік озық тәжірибелер енгізілді. Сондай-ақ, Президенттің жыл сайынғы Жолдауларынан да құқық қорғау саласы назардан тыс қалған емес. Соның ішінде құқық қорғау жүйесі, сот саласына айрықша тоқталып отырады.

Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың барлығы ел игілігіне

қызмет етуде.

Мемлекет басшысы үшінші биліктің мәселесін ешқашан күн тәртібінен түсірген емес. Соның арқасында бүгінде сот жүйесі электронды іс-қағазына өтіп, халықтың ақпаратқа қолжетімділігі арта түсті. Сот залдары да заманауи ақпараттық технологиялармен толығып, аудиобейне қондырғыларымен жабдықталды. Сот шешімін шығарарда судьяның тәуелсіз болуы, сырттан жасалатын ықпалдардан қорғалуы төрелік алаңының таза ұсталуына, Қазақстанның қауіпсіз, әділ ел атануына ықпал етті. «Медиация туралы», «Алқабилер туралы» заңдардың өмірге жолдама алып, судьялардың Әдеп кодексінің тәжірибеге енгізілуі де бұл саланы алға жылжытып, азаматтарымыздың құқығының қорғалуын қамтамасыз ете түсті. Бүгінгі таңда Ақтоғай аудандық сотының сот залдары аудио және бейнежазу аппараттарымен толықтай жарақтандырылған.

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін тандау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының негізінде және Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңестер туралы үлгілік ережесіне сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамын қалыптастыру бойынша жұмыс тобының мүшелерін сайлау бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды. Сонымен қатар, кандидатуралардың назарына Ақтоғай аудандық мәслихат хатшысының өкімімен жұмыс тобының сандық құрамы бекітілгенін хабарлаймыз.

Жұмыс тобының сандық құрамы – 7 адам, оның 2-і – мемлекеттік органдар өкілдері, 5-уі – коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар. Конкурс коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың арасында өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін:

Байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша тандау өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтоғай аудандық мәслихаты Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау үшін Үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың және халықаралық ұйымдардың өкілдері арасынан 2 адам мөлшерінде жұмыс тобының отырысына қатысу үшін, байқаушылар тізімін қалыптастыру үшін іріктеу процесін жариялайды.

Тілек білдірушілер үлгі бойынша өтініштерін (үлгісін аудандық мәслихат аппаратынан 12-кабинет алуға болады);

1) Үлгі бойынша өтініш (үлгісін аудандық мәслихат аппаратынан, 12-кабинеттен алуға болады);

2) коммерциялық ұйымның жұмыс тобының мүшелігіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы жазбаша ұсынысы;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі ұсынылады.

Кандидат соттылығы болмауы, психологиялық ауруы, нашакорлық және уытқұмарлық бойынша есепте тұрмауы тиіс.

Жұмыс тобына кандидатуралар бойынша ұсынысты 2022 жылдың 28 қаңтарынан (қоса алғанда) – 10 ақпанына дейін мына мекен-жайға жолдауларыңызды сұраймыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан даңғылы, 4 үй.

«Ақтоғай ауданының мәслихат аппараты» ММ, №12 кабинет немесе aktogai_maslihat@mail.ru электронды мекен-жайға жолдаулары қажет. Байланыс телефоны: 8(71037) 21610, 21766.

Тілек білдірушілер өтініштерін 2022 жылдың 28 қаңтарынан (қоса алғанда) – 10 ақпанына дейін мына мекен-жайға жолдауларыңызды сұраймыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан даңғылы, 4 үй, «Ақтоғай ауданының мәслихат аппараты» ММ, №12 кабинет немесе aktogai_maslihat@mail.ru электронды мекен-жайға жолдаулары қажет.

Байланыс телефоны: 8 (71037) 21610, 21766.

«Ақтоғай ауданының мәслихат аппараты» ММ.

кері қайтарылған. 160 іс бойынша шешім шығарылған. 5 іс медиация арқылы қысқартылып, 3 іс басқа соттың қарауына жолданған.

Әкімшілік істер бойынша 107 әкімшілік іс қаралған. Оның ішінде 83 тұлғаға әкімшілік 2324980 теңге айыппұл салынып, 47 адам әкімшілік тәулікке қамауға алынса, 1 адамға әкімшілік ескерту берілген. 2 адам автокөлік басқару құқығынан айырылды. 14 әкімшілік іс қысқартылған. 2021 жылдың 6 айында апелляциялық сатыда өзгертілген және бұзылған істер болмаған.

Аталған кезеңде бұқаралық ақпараттық құралдарда соттың жұмысы туралы 2 мақала жарияланған. Аудандық сот мамандарының біліктілігін арттыруға, судьялар және мамандар арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмауға, судья мен мемлекеттік қызметшінің этикасын сақтауға бағытталған оқу-семинарлар, дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

Кездесу барысында сот төрағасының міндетін атқарушы қойылған сұрақтарға жауап берді.

Думан ҚАБЫЛ.

Ақтоғай ауданы бойынша 2022 жылғы аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің елді мекендердегі тұрғындармен есеп беру кездесуін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Лауазымы	Елді мекеннің атауы	Өтетін күні	Уақыты, орны
1	Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас ауылдық округі әкімі	Айыртас елді мекені	07.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
2	Мұқатай Дархан Серікұлы	Қусак ауылдық округі әкімі	Қошқар елді мекені	07.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
3	Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Абай ауылдық округі әкімі	Абай елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
4	Имангазин Аскар	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі	Ақшкөл елді мекені	07.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Дуанши елді мекені	07.02.2022 ж.	10.00 Елді мекен
			Қарасу елді мекені	07.02.2022 ж.	16.00 Елді мекен
			Нарманбет елді мекені	08.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
5	Кркруов Сейткали Бейсембаевич	Ортадересін ауылдық округінің әкімі	Ст. Ортадересін елді мекені	07.02.2022 ж.	10.00 Елді мекен
			Ақжайдақ елді мекені	08.02.2022 ж.	15.00 Елді мекен
			Ортадересін елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
6	Серіков Данияр Базарбекұлы	Шашубай кентінің әкімі	Шашубай кенті	09.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі (онлайн)
7	Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі	Тораңғалық елді мекені	10.02.2022 ж.	10.00 Клуб үйі
8	Сеитов Нұржан Саулебайұлы	Тасарал ауылдық округінің әкімі	Тасарал елді мекені	10.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
9	Тоимбеков Ануар Сулейманович	Сарышаған кентінің әкімі	Сарышаған кенті	11.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі (онлайн)
10	Азиров Қайрат Азирулы	Қараменде би ауылдық округі әкімі	Актас елді мекені	14.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
			Қуаныш елді мекені	11.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
11	Құдайбергенов Жантемір Есбергенұлы	Нүркен ауылдық округінің әкімі	Қаратал елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Аксенгір елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Жидебай елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Жалаңтөс елді мекені	11.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Нүркен елді мекені	15.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
12	Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Сарытерек ауылдық округінің әкімі	Жетімшоқы елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Ақтұмсық елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Кенелі елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Сарытерек елді мекені	15.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
13	Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Кежек ауылдық округінің әкімі	Ақши елді мекені	16.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
14	Төлепбеков Марат	Жидебай ауылдық округінің әкімі	Жалаңаш елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Қарақой елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Үшарал елді мекені	10.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
			Сауле елді мекені	16.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
15	Құдашбаев Жарқын Зейноллаұлы	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі	Шабанбай би елді мекені	17.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Сона елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Қасабай елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Бегазы елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
16	Спанов Серікбол Армияұлы	Қызыларай ауылдық округінің әкімі	Ақжарық елді мекені	17.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
17	Болғанбаев Қайыр Нығыметоллаұлы	Ақтоғай ауылының әкімі	Ақтоғай ауылы	18.02.2022 ж.	11.00 Мәдениет үйі
18	Әбеуова Салтанат Мірәсілқызы	Ақтоғай ауданының әкімі	Ақтоғай ауылы	25.02.2022 ж.	11.00 Мәдениет үйі

Ескерту: Аудандағы санитарлық ахуалға байланысты есеп беру кездесу жиындарының форматы өзгерген жағдайда, қосымша хабарланады.

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

Аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің ашық есік күнін өткізу кестесі

№	Аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Лауазымы	Өтетін орны	Өтетін күні
1	Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас ауылдық округінің әкімі	"Айыртас ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
2	Мұқатай Дархан Серікұлы	Қусак ауылдық округінің әкімі	"Қусак ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
3	Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Абай ауылдық округінің әкімі	"Абай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
4	Имангазин Аскар	Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі	"Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
5	Кркруов Сейткали Бейсембайұлы	Ортадересін ауылдық округінің әкімі	"Ортадересін ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
6	Серіков Данияр Базарбекұлы	Шашубай кентінің әкімі	"Шашубай кенті әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
7	Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі	"Тораңғалық ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
8	Сеитов Нұржан Сәулебайұлы	Тасарал ауылдық округінің әкімі	"Тасарал ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
9	Тоймбеков Ануар Сүлейменұлы	Сарышаған кентінің әкімі	"Сарышаған кенті әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
10	Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Сарытерек ауылдық округінің әкімі	"Сарытерек ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
11	Құдайбергенов Жантемір Есбергенұлы	Нүркен ауылдық округінің әкімі	"Нүркен ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
12	Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Кежек ауылдық округінің әкімі	"Кежек ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
13	Төлепбеков Марат	Жидебай ауылдық округінің әкімі	"Жидебай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
14	Спанов Серікбол Армияұлы	Қызыларай ауылдық округінің әкімі	"Қызыларай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
15	Құдашбаев Жарқын Зейноллаұлы	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі	"Шабанбай би ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
16	Әзіров Қайрат Әзірұлы	Қараменде би ауылдық округінің әкімі	"Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
17	Болғанбаев Қайыр Нығыметоллаұлы	Ақтоғай ауылының әкімі	"Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты" ММ ғимараты	04.02.2022 ж.
18	Әбеуова Салтанат Мірәсілқызы	Ақтоғай ауданының әкімі	"Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" ММ ғимараты	23.02.2022 ж.

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығын іске асыру мақсатында аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің есеп беруіне байланысты елді мекендердің өмір-тіршілігін қамтамасыз етудегі барлық мәселелер туралы халықтың ұсыныстарын, ескертпелері мен пікірлерін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі белгіленген жерлерде тиісті жәшіктер орнатылған:

1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты

2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты

3. Қусак ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

6. Ақшкөл елді мекенінің мектеп ғимараты

7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

8. Қарасу елді мекені

9. Дуанши елді мекені

10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

12. Қасабай елді мекені

13. Бегазы елді мекені

14. Сона елді мекені

15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты

17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты

18. Жалаңаш елді мекенінің мектеп ғимараты

19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

20. Қараменде би ауылдық округінің мәдениет үйі

21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты

22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты

24. Жалаңтөс елді мекенінің мектеп ғимараты

25. Жидебай елді мекені

26. Аксенгір елді мекені

27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

28. Жетімшоқы елді мекені

29. Ақтұмсық елді мекені

30. Кенелі елді мекені

31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты

32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

33. Станция Ортадересін елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты


34. Ақжайдақ елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты

35. Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

36. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

37. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.



Қылқаламның хас шебері,
жерлесіміз Сахи Романов

Дүние есігін ашқанда бақталайына жазылған тағдырының тауқыметті, тар жолдарын күресу арқылы кешіп өткен, өз өмірі өзіне де жұмбақ болған, жетімдіктің зардабын тартып, сағыныштың запыранын

бар екендігін, ал атының Сахи емес, араб тілінен енген жомарт дегенді білдіретін Сағи болуын ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің есіне салғандығын, қалайша қызылордалық болып келгендігін 1997 жылғы Ақтоғайдағы кездесудегі сұхбатында өз аузынан баяндап берген.

Жетімдік етектен тартып, кедейшілік аяқтан шалып, өгей ортада тайғақ кешумен өткен тиянақсыз тағдыры 20 жасқа жеткенше Сахиды ана тілінде сөйлеу мүмкіндігінен айырған. Мәскеуде оқып жүргенде, алғаш рет қазақ азаматымен кездескеннен кейін, тіпті, жазушы Сәбит Мұқановты Қазақстанның тұрақты өкілдігіне тоқтаған жеріне іздеп барып, орысшалап ақша сұрап алғандағы естен кетпес сәттен бастап, қазақи тілінің кемістігіне намыстанғаннан жатпай-тұрмай ана тілін үйренуді мақсат тұтқан. Кейін елге оралғанда өз ұлтының ана тілінде шұбарламай, еркін көсіліп, шешен сөйлеуі, сол арман-мұратына жеткендігінің айғағы еді. Қылқаламның құпия сырларын еркін меңгеруі үшін 12 жыл оқығандағы алған мамандығы мен ұшталып келе

жараның орны қарайып қалып қойғаны да есімде. Көрсетші басыңды, егер сол белгі жоқ болса, онда сен бөтенсің, ал бар болса бауырымсың», – деп жалынады. Осы сәтте Сахидың көз алдына сағымдалған елестер келіп, есіне еміс-еміс оқиғалар тізбектеліп түсе бастайды да, толқып отырып басын игенін өзі де сезбей қалады. Адасып жүрген апалы-інілі туған бауырлар анырап көрісіп, айқара құшақтасып табысады. Осымен көкейдегі дүдәмал ойлар тарқатылып, тыйылады.

Мыңнан астам сурет салған, жүзден аса көрме өткізген, туындылары сол кезеңде Отанымыздың қалалары мен шетелдерде, Канадада, Венгрияда, Швецияда, Франция мен Мексикада көрермендердің көзайымына айналған, Кеңестер Одағы суретшілер одағының, Кеңестер Одағы кинематографистер одағының мүшесі, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Сахи Романов өзін абыройға бөлеп, Қазақ Кеңестік Социалистік

сақталып, түсімде аян беріп тұратындай елестейтін туған жеріме, сағындырған еліме менен ескерткіш болсын» деп Сахи ағаның аманаттап қалдырған, түпнұсқалық суреттерінен аудандық мұражай ұжымы содан 31 жыл өткенде, 2014 жылы Астана қаласындағы республикалық оқушылар сарайының көркемөнер галереясында өткізген көшпелі көрмені тамашалауға келген ғылым докторы, профессор Д.Қамзабекұлының: «Ақтоғай ауданы Астанаға рухы алып салтанатпен көшіп келгендей әсер алып тұрмын. Сахи ағамыз көркемсурет өнерінің классигі ғой» деген бағасын естігенде, жерлес ағаның алдындағы бір парызымыз өтелгендей сезінгеніміз және бар-ды. Ақтоғай жұртшылығы 1997 жылдың басында аудан әкімі С.Дүйсебековтің бастамасымен Сахи ағаның 70 жасқа толуын аудан орталығында сазгер, зерттеуші И.Жақановтың, ғалым, жазушы А.Сейдімбековтің, жерлес ақын Ж.Қашқыновтың, зәңгер,

ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫР

жұтқан, аумалы-төкпелі алмағайып заманда ата-ана, бауырдан адасып қалып, аты-жөнін де ұмытқан, балалық шақ пен жастық дәуренін жападан-жалғыз, жырақта өткізген, ерік-жігерін намыспен қайрап, өзін-өзі жұбатып, ширатумен ержетіп, әлемге танымал, әйгілі қылқалам шебері атанған Сахи Түсіпбекұлы Романов Орталық Қазақстандағы ең биік те көрікті тау Ақсоран төңірегінде дүниеге келген екен. Елге келгендегі өзінің бір кездесуінде үйін есіне түсіріп, дөп басып Қызыларай тауларына ұқсатқаны бар еді. Әкесі Әлтікейұлы Түсіпбек ескіше сауатын ашқан, еті тірі қабілетті адам болған көрінеді.

1930 жылдары Арқа өңірінде Боқты, Шұбартау, Тоқырауын көтерілістерінің белең алуы Түсіпбек сияқты аптал азаматтарды қатарына тартқаны белгілі. Соның салдарынан Түсіпбекке де «көтерілісші болдың» деген нақақ айып тағылып, басқа да жалған жаламен сотталып кете барған. Бұл тауқымет алапат ашаршылыққа ұласып, қазақ даласын жайлаған нәубеттің бұғалығы апалы-інілі Мәрияш пен Сахидың мойындарына да түскен. Көкше теңізге бет алған ауылдастарымен бірге Балқашқа жетіп, қамыс төселген жеркепеде жатып, көлдің балығымен өзек жалғап, өлместің күнін кешіп жүргенде ересек апасынан ажырап қалып, панасыз балаларды ұстап алып, детдомдарға жіберетіндердің қолына түсіп, орыннан орын ауыстырумен жүріп, Орынбордың Сарықташ ауданынан бір-ақ шыққан. Одан арғы 11 жылы жетім балалар үйлері мен интернатында әкенің мейірімін көрмей, ананың аялы алақанын сезбей, жапанда қалғандай жалғыздықпен, елесті күндерді еске түсіре алмай, торығу мен күйзелісте өткен. Алайда, бойына біткен қайсар мінезі мен қажыр-қайраты, өмірге деген құштарлығы, ақыл-санасына білімнің саңылауын түсіріп, оқуға жетелеген. Орынбордың кәсіптік училищесін оқып бітіргенде тұла бойындағы талант бұлағының көзі ашыла бастағанын сезіп, Куйбышев қаласындағы зауытқа жұмысқа тұрып, кешкілікте сондағы көркемсурет студиясында оқыған. Осылайша өмірлік мамандығының қақпасы ашылып, суретшіліктің сара жолын тандаған Сахи аға 1955 жылы ВГИК-ті бітіріп, Романов Александр Иванович деген атпен институттың дипломын алған. Романов болып жазылуының нендей құпия сыры

жатқан талантын өз халқының игілігіне жарату Сахидың басты нысанасына айналған-ды. Сол үшін де қолқа салғанына қарамастан, Мәскеуде қалмай, алғашқы еңбек жолын «Қазақфильм» киностудиясында қоюшы-суретші болып бастағанда, қазақ өнерінің майталман, дарынды тұлғалары Шәкен Аймановпен, Мәжит Бегалинмен, Әзірбайжан Мәмбетовпен бірге шығармашылық бірлестік құрамында көркем фильмдер түсіруге қатысуы Сахи ағаның қанатының қатайып, қабілетінің шыңдала түсуіне, ұлтымыздың бай мұраларына терең бойлап, танып-білуіне жол ашып берді. Сахи аға кино декорацияларын салумен ғана шектелмей, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ахмет Жұбановтың көркем шығармаларын, қазақ ертегілері мен фольклорларын безендірумен де шұғылданып, алғашқы қазақ кітап суретшісі болып та атанған. 1958 жылы салған ең бірінші көркем суреті– «Жайлаудағы кеш» атты туындысының «Огонек» журналында жариялануы әр жанрды бояу тілімен сөйлете білетін, сан қырлы талантының жемісі болса керек. Ал киностудияда жүргенде Шәкен Аймановтың: «Сахи, сенің келбетің мен тұлғаң киноактерлікке сұранып тұр ғой» деген ұсынысын қабыл алып, «Алдар Көсе», «Найзатас бөктерінде» фильмдеріне түскендігін сегіз қырлылығының шүбәсіз айғағы деуге тұрарлық. Ұрпақтардың ұлттық санасын рухани байытуға арнап, бейнелеу өнерінде қылқаламмен мол мұра жазып қалдырған, өмірбаяны жұмбақ жан, кемел ойдың иесі Сахи Романов біздің ақтоғайлықтар үшін жоғалып табылған тау тұлға.

1979 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған Сахидың өмірбаянын оқып, суретін көрген Ақтоғай ауданы, «Қаратал» совхозының тұрғыны Түсіпбекқызы Мәрияш: «Мынау менің жоғалған бауырым ғой, мені тез Алматыға апарып жолықтыр», – деп ақсақалы Сағидоллаға өтініш жасай береді. Мазалап болмаған соң, ақырында жол жағдайын жетік білетін ауылдасы Мақсұтов Мәжікенді ертіп, үшеуі сапарға шығады. «Жерлесімің, туыс-бауырымсың» дегендерден әбден мезі болған Сахи Ақтоғайдан келген жоқ іздеушілерді салқын қабылдайды. Айтқан уәждеріне сенімсіздік танытып, реніш те білдіреді. Амалы таусылуға таянған Мәрияш: «Сахи, қарағым, жас кезінде сенің басыңа жара шыққан болатын, сол

Республикасының халық суретшісі атағы берілген 1981 жылы ата-бабаларының құт мекені, өзінің кіндік қаны тамған туған жері Ақтоғай ауданына 49 жыл өткеннен соң, сол өлкенің туған перзенті болып қайтып оралады.

Осылайша тағдыры алмағайыптың таласында жүрген дарынды суретшінің өмірбаяны жаңарып, жаңғырып жазыла бастады, өшкені жазылып, өлгені тірілді. Туған әкесі Түсіпбектің Қызыларай ауылындағы 1965 жылы қайтыс болғанда тұрғызылған зиратына барып құран оқытып, рухына тағзым етіп, Бегазы тауларын аралап, табиғатты тамашалап жүріп, көркіне көз тоймас Ақсоран баурайында отырып, «осы жерде сурет салар ма еді, шіркін» деген тілегін жергілікті биліктегі азаматтар құп көріп, құз-қиялы тау шатқалынан арнап тұрып шеберхана салғызып береді. «Туған жерімде менің көзім қалсын десендер, салған суреттерімнің біразын сыйға тарту етейін, кейін мұражай ашылғанда көрмеге қойсаңдар, бір арманымның іске асқаны болар еді» деген ақ тілегін орындау үшін 1983 жылы Алматыдағы шеберханасына ауданнан Алтай, Қабдырахым үшеуіміз барған едік. Таң-тамаша болғанымыз соншалық, сүйекпен зерленген ағаш кереует, оюлы сырмақ пен өрнекті тұскиіз, сан түрлі ер-тұрмандар мен өрімдерді, колөнер туындыларын көргенде шеберханаға емес, тап бір музейдің этнография залына кіргендей болған едік. Бір қабырғадағы сөреде қатталып жиналған темекі тұтатудан босаған сіріңкенің бос қораптарына қарап, одан бетер тандандық. Бұл әуестіктен туған әдеті екен. Беттестіріліп, ұқыптылықпен оралып буылып, түйілген 40 шақты туындыларының түпнұсқасын тебіреніс үстінде, қимас көңілмен тапсырып тұрып, бөлменің шығысқа қараған терезесіне ертіп барып: «Мен нәубеттің талай сынағын бастан өткердім, сондықтан болар, күн сайын таңмен таласып оянып, жаңа шығып келе жатқан күнмен: «Ассалаумағалейкүм, алтын күн!» – деп амандасамын, ал сендер менің мына мұраларымды тасада ұмыт қалдырмай, көпшілікке көрсетіп жүрсендер, менімен амандасып тұрғандарың деп сүйсініп, жаным жай табар» деген ықыласын жеткізіп, шығарып салғаны естен кетер ме?!. «Көк шалғынына бауырымды төсеп аунап-қунап, құз-қия тастарында секіріп ойнай алмасам да, санамда саңылау болып

ғалым Қ.Әбішевтің және облыстық мәдениет басқармасының бастығы Қ.Садүақасовтың қатысуымен мерекелік кездесу кеші дәрежесінде өткізген еді. Сол шараның үстінде аудандық мәслихаттың хатшысы, марқұм М.Қалияқпаров Сахи Романовқа «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атағының берілгендігін жариялап, куәлігін тапсырған болатын. Осы жолы есімін ел есінде қалдыру ниетімен туған жері Қызыларай ауылында бір қыстақтың атын беру және аудан орталығындағы мұражайдан суреттерінен жеке көрме салын ашу туралы да ұсыныстар жасалған болатын. Асыл аға бұл өзінің соңғы сапары екенін сезді ме, қайдам, Қызыларай баурайындағы бір шөкім жерді менің мәңгілік тыныстайтын мекенім сол жерде болсыншы деп меңзеп кеткен еді. 2002 жылдың желтоқсанында Ораза айтының үстінде алып тұлғаның жүрегі соғуын тоқтатты. Сахи ағаның жетісіне жетпей, ауылдағы туған апасы Мәрияш та соның ала дүние салды. «Бір кем дүние» деп Шерағаң айтқандай, өмір бойы «Бармысың, бауырым?» деп бірін-бірі іздеумен, аңсаумен жүріп әрең табысқан қос бауырға топырақ бір жерден бұйырмады.

Қылқаламның хас шебері арман ағаның туғанына 95 жыл толуына орай шығралаңға толы өмірінің шырағданына айналған шығармаларының көрмесі облыстық бейнелеу өнері мұражайында Ақтоғай аудандық мұражайының ұйымдастыруымен 25-ші қарашада ашылып, дарабоз тұлғаның рухын ұлықтау шарасына ұласты. Осылайша ежелден таланттар шоғырының атамекеніне айналған Ақтоғай жұртшылығы дарынды перзентінмақтантұтып, даңқына бөленуде. Туған жерін тағдырының алтын қазығына айналдырып, ғажайып туындыларын рухани мұра ретінде сыйға тартқан пейзаж бен портретті, кинофильм суретшілігімен қатар меңгерген сан қырлы талант иесі, жерлесіміз Сахи Романовтың талантын бағалап, құрмет тұтып, ұрпаққа ұлағат ретінде есте сақтау мақсатында Ақтоғай аудандық мұражайына Қазақ КСР-інің халық суретшісінің есімін берудің кезегі келіп тұрғандығын туған халқы қуаттап, қолдау білдіріп, ықыласымен құптады деген үміттемін.

**Тұңғышбай Мұқан,
ҚР Білім беру ісінің, ҚР Мәдениет
саласының үздігі, «Ақтоғай
ауданының Құрметті азаматы».**

Мемлекет – қоғамның саясатын жүзеге асыратын саяси ұйым. Мемлекеттің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Зайырлы мемлекет болса, осы қағидаларды тереңірек қарастырады. Зайырлылық – гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін пайдалану. Әр мемлекет адамзатының дүниетаным еркіндігін сыйлап, қоғамның рухани саласында көптірлілікті мойындау. Осы орайда зайырлылық пен руханилықты қарастырсақ, зайырлылық–

ешқандай дінге сенбейді, алайда басқа жандардың сенімін сыйлайды, ал 9,1% атеистер (құдайға, дінге сенбеушілер). Статистикаға мән берсек, әртүрлі сенімдер бас қосқан білдей бір мемлекеттің, оның себебі зайырлы мемлекет болғанымыз, алайда біз зайырлы мемлекет болып қана қоймай, бұл жүйені әрдайым қадағалап отыруымыз қажет, сол үшін де Қазақстан Республикасы дін саласына арнайы түрде заң жүйесін орнатты. «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

мен жаңа діни ағымдар көбеюде, зайырлы мемлекет болғасын біз адамдар сеніміне шектеу қоя алмаймыз, алайда діни бірлестіктер сенімдерінің қандай жүйеде екенін қадағалап, қарап отыру осы заңнамалармен реттеліп отырады. Өзіміз бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп жүргендей, діни білімділік аз болғаннан кейін, көп жастарымыз бен қоғам мүшелері еріксіз жат ағым, дәстүрлі емес діни ұйымдардың арбауына түсіп, адасып жатыр. Сондай істерге жол бермеу үшін заң тұрғысынан толыққанды жұмыс жасалып жатыр. Заң органдары мен діни

Сүйемін туған тілді–анам тілін

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұрамыз. Демек, әрбір адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына жол бермеуі керек.

Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Өлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек қана оны насихаттай білуіміз керек» деген еді. Осы тұрғыдан келгенде, ана тілімізге деген құрметті нығайта отырып, жастарымыздың өзге тілді үйренуіне мүмкіндік жасау – уақыт талабы. Қазақ елі барда қазақ тілі де жасай беретіні даусыз. Тек қана ұштұғырлы тілді еркін меңгерген ұрпақтың Отанға деген патриоттық сезімі мен ана тіліне деген сүйіспеншілігі бөрінен де маңызды болмақ. Ана тіліміз – осы үш тілдің біріншісі, негізгісі бола бермек.

Бүгінгі таңда осы тілге деген құрмет те, талап та ұшан-теңіз. Осы орайда қазақ тілін түбегейлі жаңа жақты меңгерту, тіліміздің беделін, қажеттілігін арттыру мақсатында әзірленген арнайы бағдарламалар, оқытудың жоғары деңгейіндегі сапалы әдістемелік құралдары, жаңа техникалық құралдарды қолдану өз жалғасын табуда. Әр мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілді оқып-үйрену курсы ашылып, қазақ тілін білмейтін өзге ұлт өкілдері мен тілге шорқақ қаракөздерімізге дәріс беру жалғасын табуда.

Бүгінгі мемлекеттік тіліміздің ие болып отырған мәртебесін біржола орнықтыру, туған тілді одан әрі көркейтіп дамыту, ұрпақтарымыз үлгі алатындай ұрпақ тәрбиелеу. Тілін сақтай алған ел өзін, елінің ертеңі мен болашағын сақтап қалады. "Ел боламын десең, бесіңді түзе" деген атамыз қазақ. Ал, қазақтың бесігі қашанда байтақ жері мен дархан елі, алтын сөздері мен мағыналы жырлары. Асыл қасиеттерімізді сақтап, дамытып, танытып келе жатқан ұлы күш қазақтың тілі екенін әркез жадымызда сақтайық.

Жаһанда адаспай, өркениет көшінен лайықты орын алайық десек, алдымен ана тілімізді ардақтай білейік. Ұлы көшке ұлттық болмысымызбен қосылуымыз керек.

А.Бөгенбаева,
Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

Зайырлы қоғам және жоғарғы руханилық – біздің басты құндылығымыз

мемлекет басқарудың формасы деп алсақ, ал руханилық – діннің құрамдас бөлігі. Дін – қоғамның ажырамас, қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Зайырлы мемлекет көріп отырғанымыздай, сенім тыйымын салмайды. Өзіміз білетіндей, Қазақстан Республикасы да зайырлы мемлекеттер қатарынан. Қазақстан көп ұлтты, көп конфессиялы, дінді ұстанушы мемлекет, 140 этнос пен 18 конфессия өкілдері бар. Токсаныншы жылдары 670 бірлестік болса, қазіргі таңдағы діни бірлестіктер 4551-ге жетіп отыр. Елімізде 2021 жылғы статистика бойынша 67,4 % адамдар дінді ұстанушылар. Осы адамдар ішіндегі жіктелушілер болса, 61.3% сүннет мазхабындағы мұсылмандар, 17,2% православ христиандар, 23,5% католиктер, 15,8% құдайға сенушілер, алайда ешқандай дінді ұстанбайды, 23,5%

2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 992 Қаулысынан толыққанды біле аламыз. Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әр адамның ар-ұждан бостандығын құқығын растайтынын, Қазақстан Республикасы азаматтарының діни нанымна қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытуда Ханафи мазхабындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады. Қазіргі заманда діни бірлестіктер

сауаты жоғары білікті мамандар арқасы. Зайырлылық дегенге қадағалаусыз жіберу, ол мемлекеттік іске жатпайды. Мемлекеттік атқаратын жұмыс алдымен ел, қоғам тыныштығы, сосын заң аясында жұмыс атқара білу. Қорытындылайтын болсақ, мемлекет қандай басқару жүйесін ұстанса да, мемлекетті құраушы әр жанның сенімі, мәдениеті мен болмыстық құндылықтарын әлеуметтік қоғамда жүйелілігін негізде ұстап отыру қажет, сол кезде еліміз аман, жұртымыз тышш болатынына сенім мол.

Ш.Елеген,
Ақтоғай ауданының дін мәселесі бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, Ақтоғай аудандық жастар ресурстық орталығының директоры.

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«Жана Мыс» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 2022 жылғы 10 наурыз айының сағ.16.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас с.о., Айыртас а., Орталық көшесі 8 (өкімдік ғимараты) мекен-жайында өткізіледі, «Қарағанды облысында 2021 жылғы 22 шілдедегі №1381-ЕЛ лицензиясы бойынша 40 блок жер қойнауы учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, әл. мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. +7 (7212) 56 81 66, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_1lTMVqFqKyTqONXbvq

Конференция идентификаторы: 320 844 9619
Құпия сөз: 8dxVlkQ

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қарағанды қ., Н.Әбдіров даңғылы, 36/3 және **8(7212) 922-224** телефондары бойынша алуға болады.

ОО «Жана Мыс», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 16 час 00 мин. 10 марта 2022 года по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Айыртаский с.о., с.Айыртас, ул.Орталык, 8 (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды» к Рабочему проекту «План разведки твердых полезных ископаемых на участке недр 40 блоков по лицензии №1381-ЕЛ от 22 июля 2021 года в Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», по адресу: г. Караганда, ул.Лободы, 20, әл.адрес expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. +7 (7212) 56 81 66.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка (ссылка в зуме): Подключиться к конференции Zoom
https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_1lTMVqFqKyTqONXbvq

Идентификатор конференции: 320 844 9619
Пароль: 8dxVlkQ
Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Караганда, проспект Н.Абдирова, 36/3 и по телефонам **8(7212) 922-224**.

Тағзым

Менің қос бәйтерегім!



Бұл кішкентай естелік мақаламыз марқұм асқар тау әкеміз **Тұрсынбек** пен марқұм аяулы анамыз **Клараға** деген сағынышымыз еді.

Асқақ Аксораңның бауырындағы бұйығы жатқан Қаратал ауылына ат басын тіреген сайын сонау тау бөктеріндегі көп бейіттің шетінде тұрған ардақты ағамыздың мәңгілік мекені болған, «Балтабай» деген жазуы бар бейіттен өмірден қыршын кеткен баласының жанында жатқан аяулы анамыз Клара мен асқар тау әкеміз Тұрсынбек қарап тұрғандай асыққанмен, ауылға келгенде кешегі балалық шағымыз өткен, көлеңкесінде әкем мен анам отырған, бүгінде бос тұрған үйге барып орындарын сипап, «біздің ескі үй» деп көңіліміз су сепкендей басылып, құлазып қалады. Өткен... Амал не, тағдырдың жазуы.

Көзден таса болғанымен, көңілден өшпейтін аяулы анамыз бен асқар тау әкеміздің жарқын бейнелері, айтқан ақыл, берген тәрбиелері бәрі-бәрі көз алдымыздан еш кеткен емес.

Біз анамызды «тәте» дейтінбіз. Әкеміз екеуі өмірге сегіз бала әкеліп тәрбиелеп, барлығының отау құрып, үйлі болғандарын көріп, немере қызығын да көрген жандар.

Орда бұзар отыз жасында өмірден ерте кеткен үлкен ұлдары Балташтың қайғысы, әрине, әке-шешемізге, бауырларына оңай тиген жоқ. «Орнында бар оңалар» деген. Ағамыздың артында қалған тұяғы Дәулеті бүгінде отбасын құрып, балалы-шағалы болып, анасы мен қарындасына қамқор болып, Қарағанды қаласында тұрады.

Анамыз жаратылысынан жаны да, келбеті де үйлесім тапқан ажарлы, мінезі салмақты, біртоға, сөзге сараң, жүрегі жақсылыққа, мейірімге толы, шыдамды жан еді.

Сыйластығы жарасқан Қаратал өңіріне белгілі әкеміз Тұрсынбектің үлкен отбасының ұйытқысы анамыз еді. Осы әулеттің тіреуі, темірқазығы, тартылыс күші десем, артық емес еді. Әкеміздің мінезі тік, шапшаңдау, бірақ бетке айтатын, шыншыл, қайсар мінезді еді. Анамыз қазақ әйеліне тән қасиетімен әкеміздің тік мінезін білдірмей, ер-азаматын сыйлау, бағалау, құрмет көрсету сияқты әрекеттердің барлығын бойына жинаған адам, аяулы анамыздың

туған-туыс, ауыл-аймақ арасында да қадірі ерекше болатын.

«Адамның басшысы – ақыл, қорғаны – сабыр», – деп айтып отыратын тәтемнің әдемі үні құлағымыздан кетпейді. Жастығымыздан шығар, сөздеріне аса мән бермеуші едік, қазір өзіміз немере сүйіп, бала қадірін түсінген кезде, тәтемнің айтқан әр сөзі асыл қазына екеніне көзіміз жеткендей. Бүгінде әр айтқан сөздері, асыл бейнелері сарқылмас сағынышқа айналды. Алланың өлшеулі ғұмыры деп өзімізді қанша сабырға шақырғанмен, әке-шешеге деген сағыныш, қайғы салмағы әлі талай жылдар жеңілдемесі анық.

«Әкең өлсе де, әкенің көзін көрген өлмесін» дегендей, ауылға барғанда әке-шешеміздің көзін көрген үлкен-кішінің бәрі «тәтелерің керемет адам еді»–деп еске алады.

Ауылға барған сайын әкеміз бен анамыздың басына барып, қара тасқа қашалған жансыз бейнелеріне қарап, екі көзімізге ерік беріп, сағынышымызды басқандай боламыз.

Анашым, тәтем, сіз барлық құрметке лайықты жан едіңіз, өкінішке орай, тағдыр жазуы солай болып, ортамыздан ертерек кетіп қалдыңыз. Әлі де біраз жүре тұрғаныңызда ғой, шіркін... Бірақ, «жазымштан озмыш жоқ», әрине...

Сіздей ерекше жанды сағынбау, құрметтемеу мүмкін емес, Анашым...

Биыл 2022 жылдың қаңтар айының 9-шы жұлдызында аяулы анамыздың өмірден өткеніне 10 жыл толып отыр. Міне, биыл да Қаратал өңіріне барып, анамыздың өмірден өткеніне – 10 жыл, әкемізге 7 жыл болғанын еске алып, перзенттік парызымызды өтеп, Құран бағыштап қайту міндеті тұр.

Бүгінде Қаратал өңірінде әке-шешеміздің өнегелі өмірін жалғап, ауыл аймаққа сыйлы болып отырған, кешегі Тұрсынбек пен Клараның отауы деген үлкен атқа ие болып, жылда әке-шешемізге Құран оқытып, кіші болса да үлкен іс жасап, алдымыздан әке-шешемізді жоқтатпай қарсы алып отыратын бауырымыз Талғат пен келініміз Гүлбаршынға деген құрметіміз бен алғысымыз шексіз. Бала-шағасының қызығын көрсін, Алла разы болсын!

Бұл да сіздің тәрбиеніз деп білеміз, анашым!

«Сендердің арқаларын жүргеніміз, Алаңсыз мына өмірде күлгеніміз»–деп асқар тау әкеміз бен шаңырағымыздың алтын дінгегі болған аяулы анамызды, қос бәйтерегімізді катты сағынып, еске аламыз.

Жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарыңыз торқа, жандарыңыз жәннатта болсын, жан әке және аяулы анашым!

Сағынып еске алушылар:

Жанат Тұрсынбекқызы, Қаражал қаласы.
Гүлдана Тұрсынбекқызы, Павлодар қаласы.

Еске алу

Руы — Байдәулет-Добығыр ұрпағы, тектінің тұяғы, Ақтоғай ауданы, Жамшы ауылының тумасы, асыл жар, аяулы әке, ардақты ата **Дүйсенбек Қаршығаұлының** тал бесіктен жер бесікке аттанғанына 1 жыл толды. Өкінішке қарай, ардақтымыз арамыздан өтті де кетті.

Ақын Қасым Аманжолов: «Адамзат сапарының мейманымыз, бір мезет жер бетіне кетер соғып» деген екен. Ардақты жан, сіз өмірден өткенде жанымызды қоярға жер таппай, қабырғамыз қайысып, қайғыдан беліміз бүгілді. Жадыраған жаз солып, құрап күз болды, күздің арты қатып семіп, қысқа айналды. Иә, жастықтың жазы да қарттықтың күзіне ойысып, қабірдің тұрғынына айналдың. Бұл – Жаратқанның бұлжымас заңы шығар. Қимағанымызбен, о дүниеге аттануың Алла бұйырығы деуге де болар. Әрине, өзіндей жанды жүзге келсе де кім қияды? Дегенмен, шүкіршілік айтқаннан басқа амалымыз қалмады. Расымен де, әулетіміздің ақылшысы, киесі болып, ізгі адамгершілік қасиеттерді бойға сіңірдің. Таусылмас күш пен



сарқылмас қайраттың нышаны бойыннан байқалып тұратын. Асыл бейнеңізді уақыт керуені бізден алыстатқан сайын, кісілік, арда қасиетке тұнған келбетіңді қайталап ұғынуға, тануға деген құштарлығымыз арта түсті. Кіршіксіз таза кейпің, адамгершіліктің асқар шыңы айқындалуда. Асылымыздың жарқын бейнесі мәңгілік көз алдымызда, көңіліміздің төрінде тұратыны анық. Ардақты әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Пейіште нұры шалқысын!

Жұрт біледі сүттей ақ пейіліңді, Әке едің балаларға мейірімді. Жазиралы Жамшының жақсысы едің, Өзінді аңсап кешірдік қиын күнді. Періштедей жаны пәк, ойыңда арай, Өзінді алған қара жер тойынбады-ай. Жыл өтсе де, сарғайған сағынышпен, Жоқтығыңды біз жүрміз мойындамай. Басынан жақсылардың өмір өттің, Арқалап тұрған сынды төңірек мұң. Жаның болсын жәннатта мәңгілікке, Жаратқан топырағыңды жеңіл етсін.

Еске алушылар: жұбайы – Үміт, бауырлары, балалары, немерелері.

Ақтоғай ауылының тұрғындарының назарына!

2022 жылдың 4 ақпан күні «Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» ММ-де, Ә.Бөкейхан көшесі 10Б мекен-жайында сағ.10.00-ден бастап, Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаевтың Ақтоғай ауылы бойынша әртүрлі әлеуметтік мәселелер (жұмыспен қамту, зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақы, денсаулық сақтау т.б.) бойынша «Ашық есік» күні өтеді.

Қабылдауға келген азаматтарға тиісті мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

Тұрғындарды белсенділік танытып, «Ашық есік» күніне қатысуға шақырамыз.

Еске алу

Өмір – сағым, өз дегенімен сырғып сағаттар, күндер өте береді. Біздің әулеттің шаңырағын келін болып аттағаннан бері ана орнына ана болып, бәрімізді бауырына басып, мейіріміне бөлеген **Айша** тәтемізбен қоштасқалы да қырық күннің жүзі болып қалды.



Айша Оспанқызы сонау 1940 жылы 11 сәуір күні дүние есігін ашқан. Балалық шағы ҰОС-мен қатар келіп, жасынан еңбекке араласып, ағайын-туысты бауырына тартып жүретін сондай биязы, ақкөңіл жан еді. Анам ерте өмірден озғанымен, менің (Сейтмұхамбет Несіпбеков) 10 жасымда Несіпбековтер әулетіне келін болып түскен Айша тәтем анамның жоқтығын, өмірдің запыранын сездірмеген, ана орнына ана болып, бауырға пана бола білген асыл жан еді. Әулетімізге сыйлы болған тәтемізден саналы, тәрбиелі ұрпақтар өмірге келіп, өсіп-өнуде. Аузынан Алласы түспейтін. Өмірден өткенше біздің, болашақтың, жастардың, Отанымыздың амандығын тілеп, әр дұғасына қосып отыратын мәуелі бәйтерегімізді Алла алдынан жарылқасын.

Тіршілігінде біртоға, салмақты болған анамыз ұзақ жыл аудандық газет редакциясында есепші болып қызмет жасап, әріптестері арасында өзіндік беделі, сыйласымдығы болғандығын әріптестерінің еске алып жазған жазбаларынан көріп, тіршілігінде қандай болғандығын тануға болады. Сексеннің сенгіріне шықса да ардақтысын кім қисын, дегенмен жазудан асу жоқ. Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат тілеп, артында қалған ұрпақтарына ғұмыр берсін дейміз. Тәте, қош болыңыз, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын дей отырып, мына бір өлең жолын өзіңізге арнамақпыз:

Ғұмыр кештің атыңа сөз келмеген,
Мәңгілікке аттандың көз көрмеген.
Сізге деген сағыныш таусылар ма,
Дүние өзгерсе де өзгермеген.
Байсалды едің мінезің ақ, қадірің кең,
Әулетімізді еріткенсің шуағыңмен.
Қабіріңе нұр жаусын, ел дұғасы,
Алланың шапағаты шуағымен.

Сағынышпен еске алушылар: Несіпбековтер әулеті.

Айша Оспанқызының өмірден өткеніне 40 күн толуына орай 27 қаңтар күні Қарағанды қаласы Әнет баба мешітінде сағат 19.00-де және Ақтоғай аудандық орталық мешітінде 29 қаңтар күні сағат 13.00-де құран оқылып, ас беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, тәтеміздің көзін көрген ағайындарды шақырамыз.

13 желтоқсан 2021 жылы **Асемханов Саттар Базылханович** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Адилбеков Иманалы Жаппарович 2021 жылдың 19 сәуірінде қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ержанов көшесінде орналасқан №1 үй мекен-жайы бойынша Ақтоғай ауданының нотариусы Ежесбаев Мейрамбек Абикенулына хабарласуына болады.

Ақтоғай аграрлық-техникалық колледж ұжымы колледж директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Нұрмағанбетова Гүлнарға әпкесі **Нұрмағанбетова Шәрбаттың**, аға шебер Байтөкешов Берікке жездесі **Тілеубеков Өмірбектің** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!



Аса құрметті **Жанболатов Сейілхан!**

Сізді 80 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бала-шағаныңыздың, немерелеріңіздің ортасында темірқазықтай қалпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп жүре беріңіз! "Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды" деген сөз бар. Осынау қарапайым ойдың астарында мейірімді, жүрегі таза, қиналған сәтте қол ұшын беруге дайын тұратын, құдайдан қорқатын қанағатшыл да иманды адам туралы қаншама түсінік жатыр десеңізші! Сіз де сондай мадаққа лайық қарапайым өмір сүретін жанның бірісіз! Бүгін сізге осындай дастарханың 100 жасқа толғанында да кеңінен жайылсын деген тілек арнаймыз. Той тойға ұлассын!

Қуанышты еселі етсін Тәңірім,
Қызықты тек өте берсін өмірін.
Шаңырағың толы болып шаттыққа,
Өсіп-өңсін ұрпақтарың-тамырың.
Тілек еттім алғы күннің ажарын,
Сарқылмасын өмір-өзен, базарын.
Абыройың арта түсіп үнемі,
Хақ-тәңірі көрсетпесін азабын.

Тілек білдіруші: көршілері – Гүлсім, Рахия, Сербол, Ақылбек, Маралбай, Өрік, Ерсін, Талғат, Нұрлан, Күмісбек, Кеңес, Сарсен, Жәнібек, Айдос, Руслан.

Құттықтаймыз!



Ардақ тұтар абзал досымыз, сыныптасымыз **Ибраев Гибрат Ғалымұлының** ер-азаматтың кемел жасы елуге толуы – біз үшін үлкен қуаныш. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріне ғана емес, өзін білетін барша жанға сыйлы, беделді сыныптасымызды адал көңіл, ақ ниетпен 50 жас мерейтойымен құттықтаймыз!

"Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды" деген сөз бар. Осынау «қарапайым» деген сөздің астарында мейірімді, жүрегі таза, қиналған сәтте қол ұшын беруге дайын тұратын, қанағатшыл да иманды адам туралы түсінік жатыр, осы қарапайымдылықтың бәрі сенің бойыңнан табылады! Осы қалпыңнан таймай, өмірлік серігің Панар екеуің отбасы бақытына кенеліп, қарттық жасқа қол ұстасып бірге жетулеріне тілектеспіз. Шаңырақтарыңнан лайым шаттық, құт-береке үзілмесін, мерейлерің әрқашан үстем болып, балаларыңның қуанышына кенеліндер!

Көпті көрген көне көздер кешегі,
Сөз қалдырған көпке кемел көшелі.
«Елі үшін еңбек етсе ер жігіт»,
Деген екен «көсегесі өседі».
Уақыттың мініп ұшқыр кемесін,
Өміріңнің астың біраз белесін.
Дос-құрбымен араласып, сыйласып,
Адалдықтың туын жықпай келесін.
«Азамат» деп бұл біртуар ел сеніп,
Еңбек еттің халық үшін белсеніп.
Бедел менен абыройға бөлендің,
Ердің жасы елуінді еңсеріп.

Ізгі ниетпен: Марлен-Бота, Сана-Қарлығаш, Самат-Сауле, Сембек-Қорлан, Инабат-Гүлмира, Амантай-Жанар, Ерболат-Алмагүл.

Құттықтаймыз!

Құрметті Түсенова Назигүл Назымбекқызы! Сізді өміріңіздің айтулы жасы 60 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулығыңыз зор болып, туған-туыс ортасында Нұрлан ағамызбен бірге ұзақ, мәнді ғұмыр кешіңіз. Бәйтерегіміз Күлмара әжемізге қамқор болып, батасын алып, немере-шөбере бақытына бөленіп отырған сіздің біз үшін жолыңыз үлкен, сондықтан да сізге деген құрметіміз де ерекше. Өркез ағайынға қамқор, ақкөңіл қалпыңыздан таймай ортамызда аман жүріңіз. Өмірдің өріне, бақыттың төріне шығып, ағамыз екеуіңіз мәуелі бәйтерек болып өркендеңіздер.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Туған күнде мерейленіп тасыңыз.
Ақ тілегі ағайынның қабыл болып,
Биік-биік асулардан асыңыз.

Ақ тілекпен: Қобыланның отбасы.



Құттықтаймыз!



Ардақты да асқар таудай әкеміз **Тохметов Асқат Жарылғапұлы!** Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгідей айтулы күніңізде баянды бақыт, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Шаңырағыңыздың қорғаны, анамыздың сүйеніші, балаларыңыздың панасы, ағайын-туыстың жанашыры болып, ортамызда аман-есен жүре беріңіз. Ардақты анамыз Айсұлумен бірге қоса ағарып, ақсақалды ата болып, немереден шөбере сүюге жазсын. Алла берген бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, алға қойған армандарыңыз орындалып, мәртебелеріңіз әрдайым биік болғай!

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз.
Ел-жұрттың ортасында аман-сау,
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз!

Ақ ниетпен: балалары – Қанат-Алтынгүл, Медет-Нұргүл, Әділ-Жанар. Осы тілекке анамыз Айсұлу да қосылады.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Тохметов Асқат Жарылғапұлы!** Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 60 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Бала-шағаныңыздың, немерелеріңіздің ортасында темірқазықтай қалпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп жүре беріңіз! Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын! Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш әкелсін, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Тілек білдіруші: көршілері – Гүлсім, Ерғазы, Рахия, Сейілхан, Сербол, Ақылбек, Маралбай, Өрік, Ерсін, Талғат, Нұрлан, Күмісбек, Кеңес, Қадыр, Айдос, Жәнібек, Сарсен, Төленберген, Руслан.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, бірімізге асыл жар, бірімізге аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі **Түсенова Назигүл Назымбекқызын** 5 ақпанда асқаралы 60 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Аяулы ана! Осынау айтулы жасыңыз құтты болып, көңіліңіз мерекедей шаттыққа кенеліп, бала-шаға, жанұя ортасында думанды сәттерді бастан кешіре беріңіз дейміз. Биік белеске басқан қадамыңыз әрқашан сәтті, денсаулығыңыз қуатты, өміріңіз шуақты болсын! Сізге өмірдегі бар жақсылықты, аналық бақытты, қуаныш пен бақ-берекені тілейміз. Жанұямыздың қуанышы мен шырайы болып, осындай елеулі де жақсылыққа толы күндерді көре беріңіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгі тілекпен: жолдасы – Нұрлан, балалары – Нұржан-Әсел, Ержан-Айнұр, немерелері – Аяна, Ализа, Санжар, Заңғар, Айсұлтан, Мансұр, Томирис.

Құттықтаймыз!



Ардақты арқа сүйер бауырымыз **Кишкентаев Берікбол Нығанұлы** 26 қаңтарда асқаралы 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Мерейлі белеске қадам басқан қадірлі бауырымызға өмірдің бар жақсылығын, қызық-думанын, шаттық мерекесін тілейміз. Ардақты бауырымыз әлі талай биікке талмай жетіп, ортамызда аман-есен, өмірдің тек жарқын сәттерін көре берсін дейміз. Жаның шуаққа бөленіп, мәртебен артып, еленіп, ізгі армандарың орындала беруге тілектеспіз.

"Алпыс – тал түс" дейді халық данасы,
Алпыс деген – өң мен түстің арасы.
Бір әулеттің өзін алтын қазығы,
Аман болшы, аяулы ел ағасы!

Құттықтаушылар: Нығанның ұрпақтары, Майра, Қабдрахым-Зайра, Серік-Кенже, Роман-Айнагүл, Әділ-Алмагүл, Жанар, Серікбол-Гүлнар, Нұрбол-Жанат, Нұрлан-Айгүл.

Құттықтаймыз!

Қараменде би ауылының тұрғыны **Шайхина Құралай Әсетқызы!**

Сізді адам өмірінің бір белесі зейнеткерлік жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Еткен еңбектің еленгені кімге болса да қуаныш, көңілге үлкен медет. Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Еңбек демалысының әр күні шалқыған шаттыққа толы болсын. Өмір жолыңыз ұзақ болып, еңбегіңіздің зейнеті еселеніп, денсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Ұрпақтарыңыздың қызығын қызықтап, жасыңызға жас қосылып, шат-шадыман күндеріңіз қуанышпен, бақытпен жалғаса берсін.

Мөлдіреген тау суындай сарқырап,
Зейнеткерлік жас та келді жарқырап.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,
Берекеңіз арта берсін шамшырақ.
Зейнеткерлік жасқа келіп шаттаныңыз,
Биіктерден көрініп мақтаныңыз.
Ұжым болып біз бүгін құттықтаймыз,
Ақ жаулықты әже болып баптаныңыз.

Ізгі тілекпен: Қараменде би ауылдық округінің әкімдігі аппаратының ұжымы.



Құттықтаймыз!



Құрметті алтын әріптесіміз **Камшат Қазкенқызы!** Сізді мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Ұжымда сіздей адам барда еш нәрседен қорықпаймыз, білікті маман, алғыр, шыншыл, парасатты, көркем мінезіңізбен қызмет жасап келесіз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас кайрат, жастық келбет пен пысықтығыңыз мәңгілік серік болсын деп тілейміз.

Өмір мынау қатар тосқан жеңілі мен ауырын, шуағы мен дауылын.

Бүгін мына сенің туған күнінде қандай тілек айтсам екен, бауырым.

Саған байлық тілер ем мен, бірақ ол бір әңгүдік, есігіңнен кіргенімен паң күліп,

Жүргенімен шеру тартып, сән құрып, саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік.

Бәлкім, ерлік тілер ем мен тамыр алған төзіммен, ерлік сезім бірақ сенің табылады өзіңнен.

Онсыз адам жүре ала ма соқпақтар мен жолсыз да.

Ал сұлулық тілер ем, сұлуың сен онсыз да.

Қайтсем екен, мен одан да барлық адам аңсаған,

Барлық адам сан мың жылдар арман етіп шаршаған,

Азы жетіп, ал сан мыңы тек елесін тамсанған,

Кез келгеннің уысына түспейтін, кез келгеннің бақшасында піспейтін зор махаббат тілейінші мен саған!

Ақ тілекпен: әріптестеріңіз – Дарияш, Гүлшара, Раушан, Әлия, Мөлдір.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті әріптесіміз **Түсенова Назигүл Назымбекқызы!**

Сізді 5 ақпан күні 60 жасқа толатын мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық, сарқылмас бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Нұрекенмен бірге бақытты өмір кешіп, ағайын-туыс, дос-жаранның ықыласына бөленіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық рахатын көріңіз. «Алпыс – тал тұс» дегендей, алдағы өмірде де құшағыңыз гүлге, қадамыңыз нұрға тола берсін! Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай, берекелі де мерекелі ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан әрбір таң сізге тек шаттық пен қуаныш әкелсін.

Құтты болсын мерекелі тойыңыз, Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз. Әулетіңіздің құрметіне бөленіп, Әрқашанда биік төрде болыңыз!

Игі тілекпен: «Aqtogai aяaғy» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері.



Құттықтаймыз!



Аяулы анамыз **Үйсінбаева Күлдананы** 63 жасқа толған мерейлі туған күнімен жүрекжарды құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Арайлап атқан таңдарыңыз бен шұғылалы кештеріңіз тек шаттыққа толы болып,

жақындарыңыздың ортасында әрқашан бақыт құшып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қуанышына тоймай, ортамызда қадір-құрметке бөленіп жүре беріңіз.

Күн болып жадырайсыз, асыл ана, Жүзіңізден нәр алады әрбір бала. Үйіміздің шаттығы бір өзіңіз, Ашық болып аспанымыз арайлана.

Ақ тілекпен: балалары, немерелері – Сұлтан, Сара, Медина, Исмайл.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Түсенова Назигүл Назымбекқызы!**


Сізді 60 жасқа толған мерейтой, айтулы мереке-ңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Әлі талай мерейлі жас, биікке кадам басып, игі мақсат, асыл мұраттарға жете беріңіз. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп, оларды аяқтандырып,

немере сүйіп, жолдасыңыз Нұрланмен бірге үлкен отбасына ұйытқы болып отырсыз. Қолыңызда балаша күтіп отырған шешеніңіздің батасы қабыл болып, осы жайдары, бауырмал қалпыңыздан таймай, жарқырап жүре беріңіз. Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт, отбасыңызға ырыс пен береке тілейміз.

Бақытыңның өрге тартып бұлағы, Шалқи берсін өміріңнің жыр-әні. Енбегіңнің рахатын көре бер, Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Құттықтаушылар: бауырларыңыз – Мағзұм-Салтанат, Сағат-Бақытгүл, Сәкен-Саягүл, Берік-Зәуре.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Аятбеков Қанағат Сейткенұлы!**

40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Сізге деніңіздің саулығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым

осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Бір басың екеу болып, көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз.

Тау суындай таусылмас қайрат, Сыр суындай сарқылмас жігер, Гүлдей жайқалған ғұмыр, Гүлдей тербелген өмір тілейміз. Өмір жыры таусылмасын мәңгілік, Тұрсын алдан арайланып таң күліп. Бақыт болсын әрқашанда жолығар, Шаттығыңыз тау суындай молығар.

Ізгі тілекпен: Нұргелді-Индира, Бекзат-Назым, Қуанышбек-Айзат, Еркін-Индира, Нұргелді-Шакизат, Руслан-Саламат, Саят-Гүлмира, Азамат-Ақнұр, Руслан-Жеңіс, Азамат-Қарлығаш.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты бала, арқа тұтар азамат **Тохметов Асхатты** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! «Басты байлық–денсаулық» демекші, сізге деннің саулығын, жүректің қуаттылығын, өмірдің шаттығын тілейміз.



Қашанда жүзіңізден бақыттың шуақ-нұры кетпей, таңдарыңыз арайлы, күндеріңіз шырайлы болсын дейміз. Отбасыңызда жолдасыңыз Айсұлумен бірге ұзақ ғұмыр кешіп, бала-шағаларыңыздың қызығын көріп, ортамызда қартаймай жүре беріңіздер. Туған-туыс, дос-жарандарыңыздың арасында мәртебелеріңіз биіктеп, алда әлі талай белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз.

Қалыбын адамдықтың бұзбадыңыз, Ұядан түлеп ұшты ұл-қыздарыңыз. Өзіңізден өркен жайып, өнеге алған, Тілейді сізге бақыт туыстарыңыз.

Ізгі ниетпен: анасы – Төлеу, бауырлары – Асқар-Гүлнар, Асылбек-Алмагүл, Ербол-Саягүл, Нәсіпгүл, Раушан-Мәнетай, Бақытжан.

Құттықтаймыз!



Әулетіміздің құрметті келіні **Назигүл Назымбекқызы!**

Сені мерейлі 60 жасқа толған туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз. Мол бақыт, зор денсаулық, жемісті еңбек, отбасыңа Нұрлан екеуіңе амандық, арайлап атқан таңдарың бақыт сыйлап, босағаларыңнан береке кетпесін, ағайын-туғандардың құрметіне бөленіп, бала-шағаның қызығын көре берулеріңе тілектеспіз. Алланың берген жасын, ауырмай-сырқамай, 100 жасап, бақытты ғұмыр кешулеріңе тілектеспіз.

Өзіңіз ұйытқысы шаңырақтың, Түлетіп ұл-қызыңды жамыраттың. Шаттықтың шалқар өні шалқи берсін, Сөнбесін аулаңызда шамы бақыттың.

Игі тілекпен: Берікбол-Аманкүл, Кенжегүл, Алихан, Ерхан.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Базылбаев Саят Ақылсерікұлы!**

Қылшылдаған, ат жалын тартып, қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Сіз талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып дараландыңыз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, әр күніңіз мерекелі болсын! Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз.

Абырой, амандығың арта берсін, Бақ-дәулет қызығымен қатар берсін. Қонағың жақсы көрген жиі келіп, Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін. Осындай ойын-сауық бола берсін, Үй-іші той-думанға тола берсін. Өмірдің гүл жайнаған жәннаттындай, Баршаңа бақыт құсы қона берсін.

Ізгі тілекпен: Нұргелді-Индира, Бекзат-Назым, Қуанышбек-Айзат, Еркін-Индира, Нұргелді-Шакизат, Руслан-Саламат, Азамат-Ақнұр, Руслан-Жеңіс, Азамат-Қарлығаш, Қанағат.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Байдүйсенов Руслан Мекенұлы!**

Қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңыздың ырыс-байлығын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Көлдей көңіл тілейміз таусылмайтын, Өзендей өмір болсын сарқылмайтын. Аспаның айлы түңдей ашық болсын, Дұшпаның бір өзіңнен қашық болсын. Айта берсек, тілек көп таусылмайтын, Жаза берсек, қалам көп майыспайтын. Жүректегі тілекті өлеңменен Жеткіземіз біз саған шын көңілмен!

Ізгі тілекпен: Нұргелді-Индира, Бекзат-Назым, Қуанышбек-Айзат, Еркін-Индира, Нұргелді-Шакизат, Саят-Гүлмира, Азамат-Ақнұр, Руслан-Жеңіс, Азамат-Қарлығаш, Қанағат.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қамтылып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-ге басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 гана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 бетмен аскан материалдар қабылданбайды.

